

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Иммунология және аллергология кафедрасы



● СРС

● Тақырыбы: Жасушалық иммунитет

● Орындаған: Ермекұлы А.

● 3-036

● Тексерген: Қожанова Р.

Жоспар



- 1 Иммундық жүйе типтері(түрлері)
- 2 Жасушалық иммундық жүйенің қорғаныштық қызметін атқаруы(тәсіл)
- 3 Жасушалық иммунитет неден қорғайды?
- 4 Жасушалық иммундық жүйе жұмысы
- 5 Дереккөздер

Жасушалық иммунитет



- Жасушалық иммунитет — не антиденелер, не комплемент жүйесі қатыспайтын иммундық жауап қайтару түрі. Жасушалық иммунитет барысында макрофагтар, табиғи киллерлер, антиген тәрізді цитотоксикалық Т-лимфоциттер және антигенге жауап ретінде цитокиндер бөлінеді.



Иммундық жүйе типтері(түрлері)



- Иммундық жүйе екі бөлікке бөлінген - гуморальдық иммунитет жүйесі және жасушалық иммунитет жүйесі. Гуморальдық иммунитетте қорғаныштық қызметін жасушалар емес, қан плазмасында орналасқан молекулалар атқарса, жасушалық иммунитетте қорғаныштық қызмет иммундық жүйенің жасушаларымен тығыз байланысты. Жасушалық иммундық жүйеде Т-лимфоциттер, ал гуморальдықта В-лимфоциттер болады.

Жасушалық иммундық жүйенің қорғаныштық қызметін атқаруы(тәсіл)



- • макрофагтар мен табиғи киллерлердің активтілеуі→жасушаның ішіндегі патогендерді жояды; • цитокиндердің секрецияларының қосылуы (қолдау)→туа пайда болған және жүре пайда болған иммундық жауап қайтаруға қатысатын иммундық жүйенің басқа жасушаларына әсер етеді және т.б.

Жасушалық иммунитет неден қорғайды?



- Жасушалық иммунитет, әрине, басқа жасушаларды жоятын және фагоциттерде тірі қалатын микроорганизмдерге қарсы бағытталған. Жасушалық иммунитет вирустармен инфекцияланған жасушаларға қарсы тиімді болып келеді. Сонымен қатар, бұл иммунитеттің түрі әртүрлі саңырауқұлақтар, қарапайымдылар, жасуша ішіндегі бактериялар мен ісік жасушаларынан қорғануға ат салысады.

Жасушалық иммундық жүйе жұмысы



- Фагоциттік қасиеті бар Т-лимфоциттер антигенді таниды → антигенді өзіне қарай тартады → антиген жасушаға енеді → жасушадағы ыдырату қасиеті бар лизосома антигенді жояды → антиген қорытылады.

